

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Педагогика факультеті

Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасы



Білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагог-тьютор қызметінің өзекті мәселелері

Баяндамашы: Бахтиярова Гульшат Рахметжановна – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
«Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор.

Алматы – Ақтөбе
2020 жыл



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2020 жылғы 1 қыркүйек
ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ**

Мемлекет басшысы түрлі саладағы бірқатар реформаларды жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттілігі туралы нақты айта келіп, «ҰЛТТЫҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫ» туралы мәселені баса айтты.

Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын.

Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс.

...Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ, ұлт сапасын арттыруға атсалысу.

2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

МАҚСАТТАРЫ:



1. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМНЫҢ
ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ



2. ТҰЛҒАНЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ



3. ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМНЫҢ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ

БАҒЫТТАРЫ:



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІНІҢ КАДРЛЫҚ
ӘЛЕУЕТІН ДАМУ



БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН
ЖАҒЫРТУ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ЖӘНЕ
ЦИФРЛАНДЫРУ



БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН
ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ



ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАҒЫРТУ

Жаңа тұжырымдамалық, бағдарламалық көзқарастар отандық білім беру жүйесі мен педагогика, жоғары мектеп педагогикасы ғылымдарының алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. *Білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамытуда* педагогикалық ғылымдар білім беру саласы бойынша, әсіресе, әлеуметтік педагог кадрлар даярлығын жетілдіру мен кәсіптік білім мазмұнының сапасын арттыру ЖОО-ның алдына тұрған өзекті мәселе. Өйткені бүгінгі білім мазмұнының сапасы – ертеңгі кәсіби құзіретті маман-педагог тұлғасының шартты кепілі.

Алғашқыда біздің елімізде 1991 жылдан әлеуметтік педагог қызметінің қажеттілігі туралы мәселе көтеріліп, тәжірибеге енгізіле бастады. Осы уақыттан бастап білім беру саласындағы әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі – маңызды ғылыми, әрі практикалық күрделі мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып келеді. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамда әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал ету қажеттіліктерінен туындап отыр.

2010-2011 оқу жылынан бастап нақты қолға алынып еліміздің барлық педагогикалық жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагог мамандарын даярлайтын бөлімдер, арнайы кафедралар ашыла бастады. (5B012300 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану) 6B01801-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлау ісі бүгінде республиканың барлық дерлік жоғары оқу орындарында жүзеге асуда.

Дүние жүзіндегі өркениетті мемлекеттерде тәрбиенің теориясы мен практикасындағы жетекші тенденция – әлеуметтік педагогика рөлінің артып отыратындығын көрсетіп отыр. Қоғамдық өмірдің жан-жақты демократияландырылуы мен гуманизациялау процесінде, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының білім жүйесінде адами-тұлғалық қатынастың атмосферасы объективті тұрғыдан жасалуын талап етеді. Бұл өз кезегінде кәсіби мемлекеттік-қоғамдық тәрбиелеу құрылымдарының өмірден, отбасынан, әлеуметтік-мәдени ортадан алшақтауын жою арқылы балалар мен жастарды әлеуметтік тәрбиелеу жүйесін өзгерту жолдарын іздестіруді қажет ететіні сөзсіз.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Білім берудің маңызды мәселесі – бұл ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту, инклюзивті білім беруді дамыту» маңызды бағыттардың бірі екендігін айта келіп, жаңа оқу жылынан бастап типтік өзгерістер бойынша мектептердің штатына тьюторлар немесе ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың ассистенттері қызметі енгізіледі деп нақты атап өтті.

Бұдан біз өскелең ұрпақтың табысты әлеуметтенуі мен олардың толыққанды, жан-жақты тұлғалық дамуын қамтамасыз ете отырып, қоғам мүддесі, инновациялық қызмет үшін жағдай жасалынуына талаптардың артып отырғандығын көреміз. Бүгінде тұлғаны әлеуметтік қорғау мен қолдаудың өзектілігі алдыңғы орында екені жаһандық деңгейде де айқын көрініс тапқан. **Бұл мәселеге білім беру мекемелеріндегі жауапты маман – әлеуметтік педагог-тьютор. Демек, бұл мамандық қоғамның қажеттілігі мен заманның талабына сай туындап отыр.**

Осы орайда, біздің Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті алғашқыда Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты базасында 2011 жылдан бастау алған әлеуметтік педагог кадрлар даярлау тәжірибесі негізінде, 2020-2021 оқу жылынан бастап 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор деп ББ бағдарламасының атауы мен мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар жасап, уақыт талабына жауап бере алатын мамандар даярлығын жүзеге асыруды қолға алды (**Лицензия 10.08.2020. № KZ79LAA00018567**).



5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы 2014-2015 оқу жылында алғашқы түлектерін шығарды.

- ✓ 2014-2015 оқу жылында – 34 түлек;
- ✓ 2015-2016 оқу жылында – 27 түлек;
- ✓ 2016-2017 оқу жылында – 38 түлек;
- ✓ 2017-2018 оқу жылында – 28 түлек;
- ✓ 2018-2019 оқу жылында – 21 түлек;
- ✓ 2019-2020 оқу жылында – 17 түлек қазақ, орыс тілді топтар бойынша бітіріп бакалавр дәрежесін алып, республиканың түрлі аймағында еліміздің білім беру саласындағы әлеуметтік педагог және «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімі қызметтерін атқаруда. Бұл орайда баса айта кететін өзекті мәселе – біздің аймақтағы орыс тілді талапкерлер санының азаюы.

Жетістіктер:

1. Әр кезеңдерде 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор ББ бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеуден өтуі (Тіркеу №AB 1146. Куәлік 05.12.2016 ж.)



2. Білім беру бағдарламасы бойынша білім мазмұнының сапасын арттырудағы кафедра ПО құрамының ғылыми-әдістемелік, онлайн дәріс курстары мен оқу-әдістемелік еңбектері




Портал мультимедийных учебников
Ваш IP: 89.35.252.116

Жетістіктер:

3. Әр кезеңдердегі 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор ББ бағдарламасы бойынша білім алушылардың жетістіктері:

- 2016 жылы IV Республикалық студенттік пәндік олимпиадасында жүлделі I орынға ие болуы;
- 2017 жылы университет базасында V Республикалық студенттік пәндік олимпиадасын ұйымдастырып, өткізуі және жүлделі III орын иеленуі;
- 2019 жылы VII Республикалық олимпиадасында жүлделі II орын алып, арнайы дипломдардың иегерлері атануы.





Әлеуметтік педагог дегеніміз – балалардың әлеуметтік тәрбиесін ұйымдастырушы және әлеуметтану процесінің жоспарлы және мақсатты түрде өтуіне жағдай жасайтын кәсіп иесі маман. Оның қызметінің негізгі сферасы социум – әлеумет. Қызметтегі негізгі басымдық бала мен отбасы, бала мен тұрғылықты жеріндегі жақын ортасының арасындағы қарым-қатынасын зерттеуіне беріледі. Әлеуметтік педагог балалармен, оның отбасымен көпшілік (макро, микро) ортасымен жұмыс жасайды. Мақсаты – социумда балалар мен ересектердің әлеуметтік маңызы бар профилактикалық қызметін ұйымдастыру, оқушының білім алуын, дамуын әлеуметтік қолдау болып табылады.



Ал тьютор дегеніміз кім? «Тьютор» терминінің жалпы мағынасы «тәлімгер» дегенге саяды. «Тьютор» - (ағылшын тілінің «**tutor**» сөзі) «қамқоршы», «жетекші» деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым бүгінде бірқатар салада, соның ішінде білім беру жүйесінде де кеңінен қолданыста. Бірқатар Еуропа елдерінде тьютор дамуында ерекшелігі бар баланы әлеуметтік ортаға бейімдеумен айналысса, АҚШ, Оңтүстік Корея және Жапония сынды дамыған мемлекеттердегі тьютор баланың тұлға болып қалыптасуына көмектесетін жетекші тұлға.

Демек, әлеуметтік педагогтің жұмысы – әлеуметтік жағынан көмек көрсету, қолдау болса, ал тьютордың міндеті – баланы қолданыстағы білім жүйесіне, қоршаған ортаға бейімдеу, қолдау жасау. Шет мемлекеттерде тьютор балабақшадан мектепке өткен, я болмаса жаңа мектеп ауыстырған дені сау, дамуы дұрыс балаларға жаңа ортасына бейімделуге көмек көрсетеді. Біздің тәжірибедегі жүйеде мұндай жұмыстарды мектеп психологтары және әлеуметтік педагогтар атқаратындығы белгілі.

Тьюторлық іс-әрекет – бұл тьютор мен оның субъектілерімен іске асырылатын және білім алушы дамуының индивидуалды траекториясын басқару құралы болып табылатын, *білім берушілік, тәрбиелік және дамытушылық сипаты бар қолданылатын іс-шаралар жүйесі.*

Тьютор-тәлімгер-делдал бұл өзіндік білім алу, индивидуалды білім алушылық бағыт процесін қолдаушы және сүйемелдеуші позиция. Қазіргі отандық тәжірибеде дарынды оқушылардың оқу бағдарламасын толық меңгеруіне жағдай жасау мақсатында да мектептерде *академиялық кеңесшілер – тьюторлар* қызметі ұйымдастырылған.

Тьютор – **оқушының дербес оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыруда негізгі үйлестіруші** рөлін атқарушы. Бүгінгі зияткерлік мектептер тәжірибесі негізінде айтсақ, тьютор оқушылармен, пән мұғалімдерімен жеке сұхбаттасу, кеңестер мен тренингтер жүргізу арқылы әр баланың сұранысын анықтап, оқу материалын игеру деңгейіне сай біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін қосымша, жеке сабақтар алуын ұйымдастырады. Тьютор мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- оқушыларға оқу-танымдық қызметтегі ұзақ және қысқа мерзімдік жоспарларын құруға, мақсаттарын анықтауға көмектесу;
- оқушылардың жеке оқу бағдарламалары бойынша нәтижелерін талдау, мониторинг жүргізу;
- ғылыми жобалар, шығармашылық ізденіс бағыттары бойынша жұмысына қолдау көрсетіп, жетекшілік жасау.

Зияткерлік мектептерде ауқымды жұмыстан күтілетін нәтиже де үлкен: тьюторлық қызмет оқушылардың оқу әрекетін ұтымды ұйымдастырып, олардың интеллектуалды дамуын жаңа сатыға көтеру. Демек, әлеуметтік педагог-тьютор қызметі: педагог-кеңес беруші, тьютор-тәлімгер, тьютор-фасилитатор. Міне осындай бірқатар міндеттерді атқаратын маман – әлеуметтік педагог, тьютор, әрі толыққанды «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімі, кешенді кәсіби даярлықтан өткен білім алушымыз.

Өзге салалармен салыстырып қарағанда әлеуметтік педагогика анағұрлым кешеуілдеп дамып келе жатқан ғылым саласы. Оның ғылыми-практикалық, қоғамдық маңыздылығы әлі де болса толық ашылып болған жоқ, мүмкіндіктерін де толық пайдалана алмай да келеміз. Күнделікті тәжірибедегі түрлі әлеуметтік-тұрмыс көріністері, мектеп, орта және жоғары оқу орындарындағы білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасындағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің күн сайын артып отырғаны, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту, инклюзивті білім беруді дамыту сынды сұрақтардың теориялық-практикалық (әдістемелік) тұрғыдан толық қамтамасыз етілуінің қажеттілігі айқын. Бұл орта мектеп пен оқушылардың ата-аналары және қоғамдық орта арасында осы мәндегі жұмыстарды жетілдіру және қоғам қойған жаңа талаптар тұрғысынан жүргізілуінің маңыздылығын аңғартады.

Мәселелер:

1. Ғылыми және практикалық айналымға «Педагог-тьютор», «Тьютор» ұғымдарын кеңінен енгізу;
2. Жаңа атау мен мазмұндағы 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор білім беру бағдарламасы, оның маңыздылығы, қажеттілігі туралы жұртшылықты ақпараттандыру;
3. Мектептерде 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор, 6B01801-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану ББ бойынша кәсіби даярлықтан өткен түлектердің қызметке орналасуына басымдық беру (мысалы: арнайы қысқа мерзімді даярлық курстарынан өткен мамандардың «Өзін-өзі тану» пән бойынша ұстаздық қызмет атқаруы);
4. Мектептің «Қамқоршылық кеңесі» жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуіндегі байланыстың әлсіздігі;
5. Әлеуметтік-педагог, педагог-тьютор мамандардың құқықтық-нормативтік сауаттылығы (Педагог құқығының бұзылуы, Кәмелетке толмаған балалардың құқығының бұзылуы);
6. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық (профилактика) және зорлық-зомбылықтың азаймауы;
7. Оқушылар арасындағы буллингтің белең алуы (**буллинг** (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда қорлау, қудалау, мазалау, **кибербуллинг** – әлеуметтік желідегі оқушы тұлғасының қудалауға, қорлауға ұшырауы);
8. Мамандар арасындағы электронды жүйе, әлеуметтік желілер бойынша жұмыстар жүргізудегі ІТ сауаттылықтың жеткіліксіздігі.



Осы және өзге де күн тәртібіндегі мәселелер бүгінгі ЖОО деңгейіндегі *мынадай жұмыс бағыттарын* айқындауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

1. 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор білім беру бағдарламаларының мазмұнын үздіксіз, үнемі жетілдіріп отыру;
2. Педагогикалық жоғары оқу орындары үшін 6B01801-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану; 6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьютор білім беру бағдарламалары бойынша қазақ, орыс тіліндегі оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік материалдарды жетілдіру, жарыққа шығару.
3. Болашақта әлеуметтік педагогика саласынан білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр – магистратура – PhD сатылы мамандар даярлауды жүзеге асыру.
4. ЖОО тәжірибесі негізінде қосымша Minor бағдарламасы «Білім беру ұйымдарындағы Тьютор» қосымша білім беру бағдарламасын құру тәжірибесін тарату.
5. Педагог, педагог-тьютор мамандығына дарынды жастарды тарту.
6. Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту үдерісіне дуалды оқытуды енгізу.
7. Алыс, жақын шетелдік озық тәжірибені игеру, тарату.
8. Түрлі деңгейдегі осы саладағы өзекті мәселелер бойынша ғылыми-практикалық конференциялар мен басқосулар жүргізу.



Қорытындылай келе, бүгінгі таңдағы мектеп оқушылары мен жастардың әлеуметтенуі, әлеуметтік ортаға бейімделуі күрделі, қарама-қайшылыққа толы процесс екендігін байқауға болады. Бұл қарама-қайшылықтардың шешім табуы ең алдымен әр адамның өз болашағы үшін тұлғалық жауапкершілігін сезінуі мен тұлға ретінде өзін-өзі басқарып, іске асыруы болып табылады. Бүгінгі таңдағы оқушы тұлғасының әлеуметтенуіне қатысты өзекті мәселелердің негізгі көзі мектеп болып отыр. Бұл орайда ғылым «мектеп – оқушының әлеуметтік бейімделуіне толыққанды жағдай жасай алып отыр ма, оқушының оқу үлгерімі мен дамуына қолдау жеткілікті ме, мектеп-баланың социумдағы негізгі өмірлік дағдыларын қалыптастыра ала ма», - деген сауалдарға толыққанды жауап бере алды ма?

Болашақта әлеуметтік педагог мамандығына деген қызығушылықтың артары сөзсіз, адамның тұтас биологиялық, психикалық, әлеуметтік және рухани табиғатын есепке ала отырып, адамдардың әртүрлі категорияларымен жұмыс жасауда жинақталған тәжірибесін толық қолдануға мүмкіндік туары күмәнсіз. Адамның әлеуметтік базалық мәнінің бірдей болғанына қарамастан, әрбір жеке тұлға өзінің жеке мінез-құлық ерекшеліктерімен, оқытылу және тәрбиелену деңгейлерінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Бұл адамтанудағы заңдылық.

Тұжырымдай келе айтқанда бүгінгі жоғары оқу орны қабырғасында меңгертілген кәсіби білім, білік, дағды және құзыреттіліктерін әлеуметтік педагог, педагог-тьютор өз тәжірибесі барысында ұтымды, шебер қолданса, адам капиталын дамытудағы қоғамымыздағы орын алып отырған бірқатар мәселелер өз шешімін табады деген сенімдеміз.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!